



100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

## **Жадыдағы жұмбақ жаңғырық немесе бір шаңырақ астында қалам тербеген**



..Әлі есімде. Жетінші қабаттан үшінші қабатқа түскеніме де бір айдың о жақ, бұжығы болатын. «Ленжастан» «СК-та» қызметке ауысқан кезім. Партиялық газеттің тәртібі қatal. Жұмыстан себепсіз бір минут кешікпеуің керек. Қанша дегенмен, алау жастар ұясының жөні бөлек-ау. Арқаны кеңге салып, қаннен-қаперсіз жүретін алаңсыз күндер көзден бұл-бұл ұшқан. Алғашқы уақытта қызметіме ертерек ілінуге ұмтылғаным да, тырысқаным да шын. Сықырлаған-сықыған ұжымның үлкен-кішісі бірдей, көзге шұқымаса да кешіккендерді жақтырмайды. Әуелде-ақ байқағам. «Анау кеше тоғыз минут кешікті, мынау бүгін тұп-тура жиырма минут өткенде келді ғой...». Әзіл-қалжыңға сүйеген боп, талайларды сыртынан сыйбагандарды өз құлағыммен естігенім бар. «Қой, қараптан-қарап қақпанға түсіп қалмайын...». Осы оймен есік көзінде жолыққандармен асығыс-үсігіс сәлемдесіп, лифтіні тоспастан, баспалдақпен жүгіре өрлегем. Сөйткенше іле өкшемнен қуалаған дауыс:

– Эй, бала, қайда тарттың! – деді күлкі араласа. – Біздің «Социалистік Қазақстан» үшінші қабатта емес пе?! Немене, келмей жатып, ұмытып қалғаның ба? ...Әлде үйрене алмай жүрсің бе?..

Көнілінде бөтен дәнеңе жоқ жылышырай амандақан Зұқаның (Зұлкарнай Сақиев) қолын қысыла-қымтырыла қыстым. Үйреншікті әдетпен жоғары көтеріліп бара жатқанымды көзі шалып қалған ол мені бесінші қабаттан кері қайырған. «Ондай-ондай болады» деп арқамнан қаққан беті жанындағы бадырақ көз, ашаң өнді, орта бойлы жігітті таныстырыған.

– Ғалымжан Қаллемов деген аған, біздің өнеркәсіп-құрылыш бөлімінде істейді. Еңбек демалысынан бүгін шықты, Ғалеке, өзініз жоқтағы жаңалық. Мына Жанат бауырың «Лениншіл жастан» бізге бөлім менгерушісі болып келіп жатыр. Танитын шығарсыздар бір-біріндізди...

– Білемін, – дедім елп ете кішірейіп.

– Фамилиясы Елшібеков емес пе? Жазғандарын оқып жүремін... Бір шатырдың астында тұрып жатсақ та, жыға танымайтын сияқтымын. – Қолының ұшын сұлесок ұсынған ол жүре тілдескен. Үні қажынқы естілген. – Өкінішке қарай, біз бір-бірімізді жете білмей-ақ кетерміз, осы? Үлкен газетке келіп жатыр екенсің. Бәрі сәтті болгай!..

Рас. Біз аң-таң қүйде мелшиип қалдық. Құтпеген қырсықтау жауаптың астарын ұқпағандаймыз. Ұшінші қабатқа көтерілген тұстағы ең бірінші кабинетке кіріп кеткен Ғалекеңнің қылышына қайранбыз. Жанымда тұрған бастығының не ойлағанын қайдам. Ал сол заматында менің басыма жетіп келгені: «Танау шүйірген тікбақай қөкірек болар. Мейлі...».

Жоқ. Мен қатты қателесіппін. Сол күні екінші ауа бөлмеме бас сұққан Зұлқарнай қекем біраз құпиядан хабардар еткен.

– Эй, бала, бағана сенің алдында жаман ыңғайсыздандым. Жалпы, өзі тәуір жігіт. Ғалымжанды айтамын да. Сездіргісі келмейтін тәрізді, көптен бері ауырып жүр. Әсіреле көктем шыға шалығы қозып, еліріп кетеді. Әлгінде маған жасырмай, бәр-бәрін түсіндірген болды. Құдай басқа бермесін. Сен білмейсің ғой, ол редакциядағы ең мықты журналист қана емес, өте жақсы жазушы. Адамдық қасиеті де биік азамат. Бірбеткей, өткір жігіт. Тауада «Мен жетім емеспін» деген кітабы шыққан. Енді, міне, көрдің бе, жұмыстан кетіп жатыр?! Обал-ақ!..

– Неғып!.. О несі... Өз еркімен бе?..

– Айттым емес пе саған. Елес ауруымен сырқаттанатын көрінеді. «Жүйкем әбден бітті. Маңайыма секеммен, құдікпен қараймын да тұрамын. Күні-түні мені КГБ андып жүргендей, біргүрлі елеңдеп отыратынды шығардым. Бұл жұмбақ бір түсініксіз жаңғырықтан қайтіп құтыламын? Емделуім керек... Сырымды өзінізге ғана айтып отырмын, Зұқа. Өтінішімді жазып қойдым. Қазір үлкен бастыққа, редакторға тапсырып шығам. Жұмыстан кетпесем болмайды...» деген. Жаңа ғана қасында отыратын Кеңесхан Зәкеновпен қоштасып, маған кірмей біржола кетіп қапты. Шет жағасын өзіңе білдіргенім ғой. Дабырлатудың қажеті шамалы. Жұрт біртіндеп өздері естіп жатар...

– Қиын екен, – дедім мен ауыр құрсініп.

– Талайсыз тағдыр деген осы, бауырым. Жамандыққа қимайтын-ақ жасын жігіт қой біздің Ғалымжан.

Алла аузына салған шығар, шынымен біз бір-бірімізben кездеспедік. Алғашқы жүздесуден соң мен оны көрmedім. Қайда кетіп, қайда жұмыс істегенін де білмеймін. Көп ұзамай редакцияның қызметкерлері «Әлгі бізде істеген Ғалымжан Қаллемов балконнан секіріп кетіп мерт бопты» деп сыйырлап-куйрлеп жүрді.

Енді, мінеки, мен онымен қырық жылдан кейін кездесік ұшырасып отырғандаймын. Өкінішке толы өткелекті өмірдің жықпыл-жықпыл бұралаңы көп-ау. Ойламаған, күтпеген жай. Әлдеқашан көмескіленіп қалған, жүрек сыздатар көнілсіздеу көріністі қайта жаңғыртқан «Таңғы шық» жинағы еді. Бұған дейін мулде аңғармаппын. Жас жазушылар кітабына Ғалымжан Қаллемовтің шағын-шағын екі әңгімесі еніпті. Демде оқып шықтым. Ашығын айтқан жөн. Алақандай екі дүние де жылы әсер қалдырды. Несімен? Ұзақ-сонар баяндауға құрылған жасық әңгімелерге қарағанда «Орын» мен «Мінезде» динамиzm басым. Шиыршық атқан бұлқыныс пен оқиғалар шарпысуының қызуы бірден баурап алады.

Қос шығармаға да думанды, қызықты студенттік шақтың ұмытылmas мезеттері өзек болады. Алғашқы «Орын» әңгімесіндегі бас кейіпкер Қазығалы ешкімге ұқсай бермейтін өзгеше тип. Жағына пышақ жанығандай арық, қол-аяғы жіп-жіңішке қатпа жігітті курсастары «Маса аяқ» атап кеткен. Осы Қазығалының ермегі – құні-тұні өлең жазу. Құн сайын бір блокнотты «толтырады». Жанкешті «ақын» жазған өлеңдердің ішінен достары жарамды жалғыз шумақты зорға іріктең алады. Олардың «соңғы кезде, тіпті сіңіріңе ілініп қалдың, бұқ кесібінді тастап, басқа бір пайдасы тиетін, қолыңдан келетін жөні дұрыс іспен шүғылдансаншы» дегенине де құлақ аспайды. Автор бұдан кейінгі оқиғаны төмендегі диалогтармен көрсетеді.

«– Қазығалы, өзінді өзің текке қамшылап қайтесің. Кейінгі кезде тіпті жүдеп кеттің, осы өлеңді қоя қойсайшы. Басқа қолдан келер іспен шүғылдансан өзіңе де, өзгеге де көп пайдалырақ болар ма еді, – дейміз біз.

– Эпихрам «Күнделікті жаттығу дарыннан артық» деген, мен жаттығу үстіндемін, ақын болатыныма сенімім мол. Ал ақынды халқына пайдасыз деп кім айта алар екен, – деп ол мықтылық көрсететін.

– Жаттыққанның бәрі ақын бола бермес, жазуға да бір негіз, терең аршылмай жатқан көз керек болар, – дейміз де есемізді жібермей.

Онда ол:

– Міне негіз, міне көз, – деп газетке басылған бір өлеңін көрсететін. Жарық көрген бір өлеңі бары рас та еді. Қазығалының жастығына қарап жариялаған ба, әйтпесе, өлеңі мықты емес-ті. Оны шайтанша арбап теріс алып кеткен осы төрт шумақ әлсіз өлең еді.

Әлі есімде: оқуды бітірген соң, ол өз облысына кетті. Пойыз жүрерде шығарып салуға келген менің қолымды қысып тұрып:

– Менен әлі түнілмендер. Ерте ме, кеш пе бойымдағы шабыт фонтанша атқылайды, – деген.

Мен оның көнілін қимай:

– Әрине, әрине, – деп басымды изегем...».

Араға бірнеше жыл салып, облыс орталығына іссапарға барған Қасым бір кездері студенттік досын кездестіріп, мәре-сәре боп қалады. Әуелде ол баяғы өлең жазғыш «Маса аяқты» танымайды. Бұғағы салбыраған, екі иығына екі адам қонжигандай алышты елемейді. Талтан-талтаң жүрісі де, тау қозғалса қозғалмайтын досының айрықша пандығы да таңғалдырады. «Бес

жыл бірге оқып, бір бөлмеде жатып, бір тілім қара нанды бөліп жеген мені шынымен-ақ танымадың ба?» дегенде барып Қазығалыны құшақтап, асты-үстіне түсे жөн сұрайды.

Қаланың көрікті жерлерін аралатып, мейрамханаға апарып қонақ етеді. Досының қатты өзгергенін байқап қуанса да, ол Қазығалыға көмейін бүлкілдеткен түйткіл сауалдарын ішке бүгіп, сыртқа шығармайды. Ырза-хош пейілмен тысқа шыққанда Қазығалы құпті сұрактарға өзі жауап береді.

«Біздің халіміз, өзің көргендей жаман емес. Осы ресторанның директорымын. Өлеңің қайда қалды деп сұрамақсың ғой? Шайтанның арбауымен қол жетпес үміттің соңында біраз титықтап қалып едім, өз жолымды енді тапқандаймын. Сол өлеңді тастағаннан бергі көніл күйімді өзің де байқап келе жатқан шығарсың. Табиғат бермеген дарынды оқумен бойға дарытуға болмайды екен...».

Келешекке құштар дос жүргегінің лүпілін естіп тұр. Қандай бақытты, жүлдіздары жымыңдаған кеш. Қасымның да көнілі көтеріңкі. Жолдасының кеш болса да қолынан келер ісін тапқанына қуанған.

Әңгіменің түпкі идеясы, негізгі мақсат-мұддесі де осы. Адамды қуанту, бір-бірінің жетістігі мен табысын бөлісе білуден артық не керек?!

Жас жазушы F.Қаллемовтің екінші туындысы «Мінез» де назар аудартады. Аты айтып тұрғандай, шағын әзіл әңгімede адам бойында ұшырасатын оғаш мінез әшкере етіледі. Пенде болған соң әр қылышойқы қылыштарымен қулкіге қалып жататындарды арагідік кездестіріп қаламыз. Сөйтсе де сәт сайын құбылып, табансыздық көрсету – жастарға жараспайды. Осындағ өрескелдікке ұрынып, ұятқа қалмауды ескертетін «Мінез» көтеріп отырған мәселе ешқашан ескірмейді. Бұдан елу жыл бұрын жазылған юморесканың сюжеті әлі де бой көрсетіп қалары даусыз.

Бір бөлмеде тұратын төрт-бес студент жігіт өздерінің құрдастары Жақанды сынап көреді. Мақтан сүйгіш, даңғой досының коңықиң алып мұзайдынға барып сырғанау үшін оның «тілін» табу керек. Өйткені ол кереует астында жатқан коңықиді оп-оңай ұстата салмайды. Оның, эрине осал тұсы бар. Көзін бақырайтып қойып мақтасаң болды, сылқ ете түседі. Алдын ала келісіп алған достар Жақанды көпіртіп мақтайды. Алғашқы ілік – оның әуезді де, зор даусы. «Өзін өзі қолға алып, ерінбей-жалықпай машықтанса әдемі әнші, тіпті Левитандай болмаса да, ортан қолдай диктор боп кетер еді». Табан астында беделі көтерілген Жақан күлімдеп, мақтау сөздерге елітіп, сақыланып әншайінде ешкімге оңайшылықпен ұстаптایтын коңықиң ұсынады. «Жарайды, катокқа бүгін бармай-ақ қояйын» дейді мәз-мейрам қалпы. Бірақ... Артынша жігіттердің бірі Жақаның жүйкесіне ши жүгіртіп, қытызына тиеді.

– Эй қайдам, мұның даусы мұндылау ғой. Өңкей көнілсіз хабарлардығана оқиды ма деп қорқамын...

Сол-ақ екен ол лезде өзгеріп, қылт-сылт мінезін көрсетеді. Әлгіндегі уәдесінен айнып «коңықи тебуге өзім барам» дейді. Оナン кейінгі жағдай белгілі. Бір қисайса Жақанды қайта жібіту оңай емес. Қылжақбас құрдастары іле оны мақтай жөнеледі. Кәне, зер салайықшы:

«– Бұгін қабырға газеті шығыпты, оқыдыңдар ма? – деп сұрадым.

– Оқыдық. Жақанның екі өлеңі бар екен, – дейді кереуетте отырған қайқы мұрын қара. Әрі қарай жігіттер тағы да кезекпен қақпайлап ала жөнелді.

– Жақан кейінгі кездे жақсы жазып жүр.

– Өлеңдерінде ой бар. Өзіндік стилі де қалыптаса бастаған секілді.

– Күшті лирик шығады. Тек іздену керек.

Бұл мактаулардың қай мағынада айтылғанын білмедім, әйтеуір, Жақанның ашуын басып, көңілін жібітті. Қайтадан жымың қағып:

– Қайдам, қысқа өлеңді жазып жүрміз ғой өзімізше, – деді. Даусы мұрнынан дыңылдай шығып, қуанышты екені білінді.

– Өлеңнің қысқалығы ұтымды. Пушкин қысқа жазғанды жақсы көрген, ал Чехов «Қысқа жазу – таланттың сіңлісі» деген, – дедім мен білгірсіп.

– Рас. Жақаннан көпті күтүге болады, – деді әлгі қайқы мұрын.

Мақтау сөздер аш өзегіне түсті білем Жақан қайта елтіді.

– Барам десең міне, мен бүгінше бармай-ақ қояйын, – деді конькиін көрсетіп».

Қазездің қуанышы ұзаққа созылмайды. Әңгімеге бір бүйірден қосылған Темірболат болашақ «ақынның» көңіліне тиетін эпиграммасын көлденең тарта қояды.

Екі адамның бірі ақын,

Екі өлең жазса ірі ақын.

Лирикалар тым-ақ көп,

Жыламсырап тұратын.

Жігіттер шу ете түседі. «Міне, нағыз эпиграмма. Шала дүбәра ақындарды ондырмапты». Шамданған Жақан үн-тұнсіз сілейіп тұрып қалады. Өз-өзінен қыстанған ол дереу Қазездің қолындағы конькиін жұлып алып, бөлмеден зыта жөнеледі. Жігіттер тағы да мырс-мырс құле бастады.

Не үшін? Кімге?..

Балғын қалам иелерінің алғашқы шығармалары жақсы іріктелген. Бәйгеге қосылып, бақ сынау – әркімнің арманы. Жүйріктердің де шабысы әр қалай. Осы тұрғыдан келгенде жас талапкер Ғалымжан Қаллемовтің де өзіндік сөз саптауы, өзіндік қалам сілтесі діттеген биіктен көрінгені анық. Образдар, харakterлер сомдауға бейім ол ең бастысы, сөз саралай біледі. Нысаналы тақырыбын мейлінше жан-жақты игеруге ұмтылысы жоғарыда тоқтаған «Орын» мен «Мінезден» айқын байқалады.

Алақандай әңгімелерден автордың жеке бітім-болмысы аңғарылады. Ұлы француз суреткері Стендалъ «Жақсы жазу үшін жақсы білу керек» деген ғой. Қарапайым қағиданың астарына тереңірек үңілген сайын, көп нәрсеге қанығарымыз және аян. Бұған біздің көзіміз әр жылдары «Социалистік Қазақстанда» (қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті) онымен бірге еңбек еткен қаламdas әріптестерімен тілдескенімізде жете түскені бар. Белгілі журналист-жазушылар Сарбас Ақтаев, Уахап Қыдырханұлы, Мамадияр Жақып, Әділ Дүйсенбектер замандастары Ғалымжан туралы, оның творчествосы хакында ерекше даралап әңгімелеген-ди.

– Ғалымжан Қаллемов өте қабілетті журналист болатын. Ептеген мінезінің шатағы бар. Көп жағдайда артық ауыз сөзді көтермейтін. Ал жазуында мін жоқ. – Откен жылдар елесін еске түсірген Сарбас аға оның жазушылық қырынан да хабардар еткен. – Жалпы, ол өз қарымына сенетін. Сондықтан өркөкірек көрінуі мүмкін. Эңгімелер, повесть жазды. «Таңғы шыққа» шыққан жігіттердің бәрі де алғашында жер баса алмай жүрді. Бірден «жазушы» деген атты иеленді емес пе. Марқұм, біздің Ғалымжан тірі болғанда, сөз жоқ, өз жолы бар қаламгерлер қатарында көрінер еді...

Жазушы Уахап Қыдырханұлы бүй дейді:

– Редакциядағы тегеурінді жігіттердің бірі осы Ғалымжан болғаны ақиқат. Жазуы мықты. Журналистік материалдары қарабайырлықтан ада. Білімді, ойлы азамат. Өзгелердің жадағай шимайларын лездемеде быт-шыт қып сынайтын. Эрине онысын біраз адам ұнатпайтын. Сылап-сипап, мәймөңкелеп, жағымпаздық көрсеткендерді жек көруші еді. Әр ұжымда мінездері «қисық» кісілер кездеседі. Біздің «СҚ»-да осы Ғалекен, Еслем Зікібаев, Тоқтасын Беркімбаев үшеуі бірігіп, бетің бар, жүзің бар демей үлкен-кішінің кемшіліктерін іреп, осып-осып айтатын. Былайша бейнелеп жеткізсем, журналистикадағы «дедовщинаға» өлердей қарсы. Кей пікірлері дүрыс та сияқты. Алайда ондайларды жүрт жақтырмайды. Әділдікті қалайтын ол өзінің әдеби шығармаларында да жеке басын күйттеуші ішмерездерді ұдайы мінейтін. Фантазиясы керемет. Тіл біледі, сөз таниды. Ең бастысы, оның бойында жазушыға қажет қасиеттер бар еді. Эңгімелері «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Жұлдыз», т.б. газет-журналдарда талай рет басылды. Көзі тірісінде «Мен жетім емеспін» деген повесть-әңгімелер кітабы жарық көрген.

Жаңа жыл қарсаңында ма, жоқ әлде баспасөз мейрамына орай ма «Қызыл қалам» қабырға газетінде бір топ әріптерге эпиграммалар жазған едім. Сондағы Ғалымжанға арнаған жалғыз шумақта оның бейнесі дәл ашылған деп ойлаймын. Өзің тыңдалап көрші:

Жетім емес, Ғалымжан зор азамат,  
Көп ойлар жүр көкірегін мазалап.  
Кесіп айтып, тесіп айтып тастайтын,  
Кей кездері іштегісін тазалап.

Бұл мінездеме-өлең жолдары Ғалымжанның өзіне ұнаған болуы керек. Қолымды шын пейілімен қысқаны есте. Марқұм өмірден ерте озып кетті. Бір ұл, бір қызы бар еді. Естуімше ұлы Америкадан білім алыпты. Үлкен маман. Қазір Астанадағы атақты Назарбаев Университетінде еңбек ететін көрінеді. Қандай қуаныш! Оның туып-өскен жері бұрынғы Семей облысының Бесқарағай ауданы. Қазір зерделесек, осы өңір әйгілі полигон аймағына жатады. Туған жеріне барып жүргенде белгісіз сырқатқа шалдықты ма екен? Кім біледі? Мүмкін де шығар... Ой тізбектері әр саққа жетелейді ғой... О кезде тажал ошағының құпиясы мен жұмбағы мулдем айтылмайтын...

– Ғалекенмен университетте бірге оқыдық. Ушінші курста әскерге кетіп қалдым. Кейінректе «СҚ»-да басымыз қайта қосылды, – деген еді көзі тірісінде қаламгер Әділ Дүйсенбек. – Мінезі қызықтау еді. Өжет, өткір,

басынан сөз асырмайды. Мұндай кісілер негізінен өзіне-өзі сенімді болады. Жақсы журналист, жақсы жазушы. Оның тұнғыш кітабы «Мен жетім емеспінгे» кезінде рецензия жазғам. Редакцияның біраз бөлімдерінде тер төкті. Ең алғашқы завотделі Балғабек Қыдырбекұлы болды, білім-ғылым бөлімінде. Соңғысы Зұлқарнай Сақиевтің қарауында, өнеркәсіп-құрылым, байланыс-транспорт бөлімінде істеді. Мен мұны жай айтып отырғам жоқ. Өсу-есею баспалдақтарын, шындалу мектебін, қандай тұлғалармен қызметтес болғанын жеткізгім келеді. Талант-дарыны толық ашылмай кетті. Бұл жерде мен оның жазушылық бағытын айтам. Курстас, әріптес достың жазсам деген тақырыбы көп еді. Амал нешік... Арманда кетті-ay!.. Көнілге медет етері, журналист Қаллемов қаламынан туған түшімдү дүниелер басылымның шежіресінде сайрап жатыр. Жұзжылдық төл тойымыздың тұсында қасиетті қабырғада әріптестері Совет Аққошқаров, Әнуар Жапаров, Дәрібай Элисұлтанов, Талап Қалмырзин, Бұқарбай Батырхановпен бірге қалам терберегенін айтқан абзал.

...Бір шаңырақтың астында иық тіресіп қатар жүрген агалар лебізі менің есіме Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханның мына бір сөзін түсірген. «Көп оқыса, зейінді болса – білімді болмақ, ал мінезі жақсы бола ма, әлде жаман бола ма оны Құдай біледі». Әуелде-ақ темірқазық мақсатымызды ескерткенбіз. Газет бетінде өз ізі бар Ғалымжан Қаллемов жайында аз-кем ой бөлістік, бүкпесіз сыр ақтардық...

Иә, танымайтындар танып, білмейтіндер біле жүрсін...

**Жанат ЕЛШІБЕК**